



№ 28 - Кеңестік Байланыс - Қалабақаласы.

Заттарды салыстыр.

IV—топ «Қарлығаш»

Тәрбиеші. Утаралиева.Н.

Әйтеке би кенті.

2018-2019 оқу жылы.

Заттарды салыстыру

Білім беру саласы:

Таным

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:

Математика

Тақырыбы: Заттарды салыстыру.

Мақсаты: Балалардың үлкен - кіші, көп - аз туралы ұғымдарын қалыптастыру. Көп - аз, үлкен - кіші ажыратып күнделікті өмірде қолдана білуге және бір - бірін аттарымен атай білуге үйрету. Балалар бойына достық, мейірімділік сезімін егу. Заттарды түстеріне, түрлеріне қарай ажыратып салыстыруды меңгерту. Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қоршаған ортамен жан - жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілі: Қуанышты сөт, өңімелеу, түсіндіру, көрсету, сергіту сәті, жұмбақ шешу, таңғаларлық сөт, қорыту. Көрнекілігі: Ағаш қуыршақтар, үлкен - кіші алмалар мүляжы, үй макеті, қолдан жасалған алма ағашы және алмалар, құстар, себеттер.

Пән аралық байланыс: Айналамен танысу, тіл дамыту, ән - әуез. Сөздік жұмыс: Қуыршақтар, қызыл - сары алмалар, үлкен - кіші, көп - аз. Балалар сендер қандай әдемісіңдер, тобымызда әдемі, күнімізде әдемі. Осы әдемілігімізді сезініп, көңілімізді кетеріп ән айтайықшы.

Күн күлімдеп әлемде

Күлімдейді әдемі

Төбемізде қарлығаш

Айналады әдемі

Өніміз осындай

Сөніміз осындай

Жарайсыңдар балалар орнымызға жайғасайық.

Балалар бүгін бізге таным елінен бір - бірінен айнымайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті. Олардың ұқсастығы сондай кейде ажырата алмай қаласыңдар. Бірақ қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен жас ерекшеліктері әр - түрлі. Біздің бәріміздің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.

-Ең үлкені Әлия

-Ал одан кішісі Сәния

-Сәниядан кішісі Ғалия

-Ғалияда да кішісі Жания

-Ең кішкентайы Мира екен.

Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық.

Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?

Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім? Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау.

Жарайсыңдар балалар!

Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, жолда келе жатып алма Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, жолда келе жатып алма теріпті. Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.

-Алмалардың түстері бірдей ма?

-Түстері қандай?

-Ал көлемдері бірдей ма?

-Қандай алма үлкен?

-Ал қандай алма кіші?

-Алмалардың қайсысы көп, қайсысы аз?

Дұрыс айтасыңдар сары алмалар көп екен, ал қызыл алмалар үлкен болғанымен аз екен.

- Балалар біздің қуыршақтарымыздың айтып жүретін бір өні бар екен, сол өнді біз бәріміз айтып берейік.

Сергіту сөті.

Біз қуыршақтық

Міне біздің қолымыз

Ал бізде, ал бізде

Таза бет орамал

Балаларға тапсырма:

Балалар сендерге қуыршақтар тағы да көп алма теріп берсе екен дейді. Қане, қуыршақтарға алма теріп береміз ба?

Олай болса, сендердің алдарыңда алма ағашыңда көп алмалар өсіп тұр, сол алмаларды теріп себетімізге салып салайық.

(Балалар алмаларды себеттеріне жинайды.)

Балалар жұмысын бақылап, кімнің қай түсті алманы көп немесе аз жинағанын сұрап анықтау.

Жарайсыңдар балалар! Алмаларды көп терген екенсіңдер.

Бүгін біздің ұйымдастырылған оқу іс - әрекетімізге келген қуыршақтарға ризашылығымызды білдірейік.

Мына үстел үстінде әр түрлі көлемде қуыршақтарға арналған орамалдар бар, сол орамалдарды қуыршақтарға сыйлыққа берейік.

Ең үлкен қуыршаққа қандай орамал сыйлаймыз. Әр қуыршаққа өзіне сәйкес орамалдар беріледі. Балаларды мадақтау!

Есік қағылып, сырттан қолыңда бір қорабы бар тәрбиеші кіреді.

Балалар біздің қуыршақтарымыз сендерге және де бір сыйлық ала келген. Оны білу үшін мен сендерге бір жұмбақ жасырайын.

Өзі сондай сүйкімді, жүні жұмсақ, балалардың досы, тік құлақты, сүтті жақсы көретін ол не екен?

Иә, балалар ол мысық екен. Ол мысықтың өзі емес қасыңда

-балалары да бар екен.

Бұл мысықтарды қуыршақтар сендерге ойнасын деп әкелген.

Күтілетін нәтиже: Көп - аз, үлкен - кішіні ажыратып салыстыра білу.

Жасай алуы: Түстерді көлемдерді ажыратып, алмаларды жинау.





